



АРАЙ

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 08 (7795)
Жұма,
30 қаңтар 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

ЖАҢАЛЫҚТАР

♦ РЕСПУБЛИКАДА

БІЗДЕГІ ЗАҢДАР ҚАНДАЙ?

Қазақстан Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Үкіметтік емес ұйымдардың іс-әрекеті мен ондағы еңбек қатынастарын құқықтық қамтамасыз ету жұмыстарын сараптамалық сүйемелдеуді ұйымдастыру жайы сөз болды.

Брифингте журналистерге заң ғылымдарының докторы профессор, «Еуразиялық құқық қорғау орталығы» қоғамдық қорының президенті Еңлік Нұрғалиева осыдан үш жыл бұрын жоғары санаттағы заңгерлердің қоғамдық қор құрғанын ортаға салды. Оның айтуынша, азаматтық қоғамда жүріп жатқан жұмыстарда коммерциялық емес ұйымдардың әлеуметтік тапсырыстарды жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерде, оның ішінде, әсіресе, олардың заңдармен реттелуінде қандай олқылықтар барлығын қарап, жаңа заңдарға қандай өзгерістер енгізу қажеттігін еске алу маңызды. Осы ретте ҰЕҰ-ларға қоғамдық сарапшы ретінде сараптама беруге атсалысып жүрген қор мемлекетте орын алған құқық қорғау саласындағы өзгерістер мен оқиғаларды назардан тыс қалдырмай отырғанын атап көрсетті.

Е.Нұрғалиеваның айтуынша, жаңа заң жобасы халықаралық стандарттарға сәйкес жасалып, онда халықаралық донорлардың қызметіне қатысты жаңа шектеулер болмайды, алайда, заңның қандай күйде қабылдануы Парламент қабырғасында шешіледі. Жалпы, елімізде 2014 жылдың қараша айында халықаралық донорлардың тізімі кеңейтілгені есімізде. Сондықтан үкіметтік емес ұйымдардың халықаралық донорлар арқылы қаржылану мүмкіндігі бар. Тек олардың ісі мемлекетіміздің және азаматтарымыздың мүддесіне қайшы келмеуі тиіс, солай еткен жағдайда ғана шектеу жасалатыны да белгілі.

Брифинг барысында шешен ҰЕҰ-лар жұмысын нәтижесіне қарай бағалау керектігіне мән берді. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда Үкімет мойнындағы жүкті жеңілдетіп жүрген мұндай ұйымдарға деген сенімді арттыру маңызды деген, ол жаңа заң жобасының азаматтық қоғамның тынысын аша түсетініне үміт артты.

«Егемен Қазақстан».

■ Ресми бөлім

ҚАҢТАРДАҒЫ АУДАНЫҚ ӘКІМДІК ОТЫРЫСЫ

Ағымдағы жылдың 26 қаңтарында аудан әкімі Қалиқан Байғоңұсовтың төрағалығымен аудандық әкімдіктің кезекті отырысы өткізілді.

Күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралды:

-2014 жылы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы және 2015 жылға алға қойған міндеттер. Баяндамашы – экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Ж. Большманова.

-2015 жылғы айтулы күндерге арналған кешенді шараларды өткізуге даярлық барысы туралы. Баяндамашы – ішкі саясат бөлімінің басшысы Қ. Сәдуа.

Ақпараттар:

1. 2014 жылы аудандағы бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаржысын игеруі туралы. Баяндамашы – қаржы бөлімінің басшысы Ж. Сәрсембаева.

2. «Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында қаржыландырылған жобаларды жүзеге асыру барысы туралы. Баяндамашы – жұмыспен қамту орталығының директоры С. Елубаева.

Алғашқы мәселе бойынша баяндама жасаған Ж. Большманова жалпы аудан бойынша әр салада және ауылдық округтерде 2014 жылы экономиканың және әлеуметтік саланың даму қорытындыларын нақты ашып көрсетті.

2015 жылғы даму жоспарына қатысты ол аудан экономикасын 5 пайызға көтеру жоспарланып отырғандығын атап өтті.

Аудан әкімі бұл мәселені талқылап, жоспар құрғанда, жан-жақты сараптама жасап және терең зерттеуді, нақты мүмкіндіктер мен жағдайды ескеру қажеттігін айтты. Жоспарланған көрсеткіштердің барлығын барынша орындау қажет. Әрбір жоба жұмыс жасап, нақты нәтижелер әкелуі тиіс. Ауылдық округтер әкімдерімен бірлесе отырып, тағы да аумақтарды дамытудың барлық тәсілдерін қарастыру қажет.

Дағдарыс жағдайында барлығы өзімізге байланысты. Егер жаңа және пайдалы жобалар, оңды даму қарқыны болса, ақша да болады. Егер біз ауқаттылығымызды, өз жоспарларымыз бен бағдарламаларымыздың нақтылығы мен тиімділігін дәлелдесек, аудан бюджеті қысқармайды. Жаңа инвестициялар да келеді деп атап өтті ол.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Қ. Сәдуа баяндады. Ол 2015 жылдың жалпы мемлекеттік ауқымдағы ірі, мерейтойлық күндерге бай екендігін атап өтіп, отырысқа қатысушыларды мерейтойлардың әрбіреуі бойынша шаралар жоспарларымен таныстырды. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы аясында өткізілетін бұл шаралардың мақсаттары мен міндеттерін, ең бастысы – патриоттық тәрбие беруге, ұлтаралық келісімге, ел тарихын терең зерттеп, білімдерін кеңейтуге бағытталғандығын нақты ашып көрсетті. 2015 жыл – бұл Ұлы Жеңістің 70 – жылдығы, қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Абайдың 180 – жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 – жылдығы, ҚР Конституциясының 20 – жылдығы. Мұнан өзге, ағымдағы жылы жерлес жазушы Қалиқан Сқақовтың 80 - жылдығы атап өтіледі. Жоспарланған шаралардың ауқымдылығын, олардың кейбіреулерінің тақырыптық ұқсастықтарын, мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, бір шара аясында біріктіріп өткізу ұсынылды.

Мысалы, Қаратай батыр ескерткішінің



ашылуын қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты шаралармен орайластыру жоспарланды.

Шаралардың көпшілігі Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 – жылдығы аясында жоспарланған. Мәдениет ошақтарында, білім беру мекемелерінде, алаңдар мен саябақтарда Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 - жылдығы, ҚР Конституциясының 20 - жылдығы, Абайдың, Қалиқан Сқақовтың мерейтойлары аталып өтілетін болады.

Аталмыш шаралар туралы аудандық газет бетінде нақты мәліметтер жарияланатын болады. Аудан әкімі өз сөзінде ағымдағы жылы өтетін шаралардың барлығы жалпыұлттық ауқымда, терең патриоттық, азаматтық, тарихи маңызды екендігін атап өтті. Ел тарихындағы айтулы даталар аудан тұрғындарының әрбіреуі үшін - жасына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, аса маңызды. Мемлекеттік органдардың міндеті – бұл шараларды ұйымдастырғанда оларға барлық катонқарағайлықтардың түгелдей қатысуын қамтамасыз ету. Тек сонда ғана бұл мерейтойлардың мақсаты мен міндеті жүзеге асты, ал қоғамдық-саяси бағыты игерілді деп айтуға болады деді ол.

Аудандық әкімдік отырысына қатысушылар алдында бюджет қаржысын игеру туралы ақпарат берген қаржы бөлімінің басшысы Ж. Сәрсембаева есептік кезеңде аудан бюджетінің меншікті кірісі 101,0% орындалғандығын айтты. Бюджеттің шығыс бөлігі 100% орындалған. Ағымдағы бюджет 100 % орындалған. Сондай-ақ, даму бюджеті де 100% орындалған. Баяндамашы бюджеттің барынша жоғары нәтижеге қол жеткізілмеген бөліктеріне нақты сараптама жасады.

Ақпарат соңында Ж. Сәрсембаева 2015 жылғы бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінің орындалуы бойынша атқарылатын міндеттерге тоқталды. Мұның басты мақсаты – кірістер жоспарының толық орындалуын қамтамасыз ету және бюджет қаржысын тиімді пайдалану.

Аталмыш мәселені талқылай келе, аудан әкімі Қ. Байғоңұсов бюджеттің кіріс бөлігін арттыру мақсатында бар мүмкіндікті пайдалану қажеттігін атап өтті.

Бұл бағытта пайдаланылмай отырған мүмкіндіктер бар. Жергілікті жерлердегі ауылдық округтер әкімдері, тиісті бөлімдердің басшылары жыл бойы салықтық базаны кеңейтуге, жалпы ауданның меншікті кірісін арттыруға міндетті деді ол.

Жұмыспен қамту орталығының директоры С. Елубаева өз ақпаратында

«Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жоспарланған 305 адамның орнына 2014 жылы 499 адам қамтылды.

«Тірек ауылдарын дамыту арқылы жұмыс орындарын құру» мемлекеттік бағдарламасының екінші бағытына 2011 жылдан 2014 жылға дейін 537 адам қатысты. Бұл жылдарда бөлінген қаржы мөлшері – 1 млрд. 243,5 млн. теңгені құрады.

Мал шаруашылығын дамытуға 413 адам, омарташылыққа – 66, бизнеспен шұғылдануға – 58 адам несие ресімдеді.

Олардың ішінде 14 мүгедек пен 19 оралман бар. Аудан әкімі жұмыспен қамту орталығының басшысы мен ауылдық округтер әкімдеріне несиелік қаржының мақсатты пайдаланылуын және олардың дер кезінде қайтарылуын қадағалауды ескертті. Несие қайтарылмаса, ауданға жаңа несиелер берілмейді, - деп атап өтті Қ. Байғоңұсов.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер талқыланған соң, сөз кезегі «Катонқарағай» АНС-нің директоры А. Каринаға берілді. Ол несие беру ережелері, ауылшаруашылық тауар өндірушілерге несие беру жөнінде несиелік еріктістіктің мүмкіндіктері жайлы мәлімдеді. Қазіргі уақытта АНС қоры 119 млн. теңгеден астам қаржыны құрап отыр. Және ол несиелеу жүйесіне сәйкес серіктестік несие алушылармен жұмыс істеуге әзір екендігін айтты.

Қ. Байғоңұсов ауылдық округтер әкімдеріне ауыл тұрғындары арасында түсініктеме жұмыстарын жүргізуді тапсырды және АНС-нің несиелеу бойынша мүмкіндіктерін облыс орталығына бармай-ақ, ауылдықтар үшін қолайлы жағдайда, аудан аумағында пайдалану қажеттігін ескертті.

Онан соң, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының орынбасары Г. Ағажаева сөз сөйлеп, Ұлы Отан соғысына қатысушылардың мәселелерін шешуді бақылауға алу, Отан қорғау жолында қаза болғандарға арналған ескерткіштерге үнемі күтім жасау, Ұлы Жеңістің 70 – жылдығына арналған шаралар жоспарына жерлестеріміз - Кеңес Одағының Батырлары мен Даңқ орденінің иегерлерін еске алуға арналған шараларды енгізу қажеттігі туралы айтты.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша аудандық әкімдіктің тиісті қаулылары қабылданды.

Жомарт Жақыпов.
Сурет автордікі.

■ Ауылдық аумақтарды дамыту

Аршатылықтар үшін спортзал

2013 жылдан 2014 жылға дейін ауданның шалғай ауылы Аршатыда «Асар-Шығысқұрылыс» ЖШС құрылыс компаниясы жергілікті мектепте сметалық құны 77,8 млн. теңгені құрайтын спортзал құрылысын жүргізді. Желтоқсан айында нысан пайдалануға берілді, ал жуықта ғана оның тұсаукесері өткізілді.



Мектептің мұғалімдер ұжымы мен оқушылары, жалпы бүкіл ауыл тұрғындары қуаныштарын жасыра алмады: өйткені, мұндай спортзал бүкіл ауданда жоқ. Мұның барлығы мемлекеттің мүмкіндігінің, аудандық билік пен облыстық мәслихат депутаты Лұқбек Тумашиновтың арқасында жүзеге асты. Бұл құрылыстың жобалық-сметалық құжатын әзірлеуге жерлесіміз Л. Тумашинов 6 млн. теңгеден астам қаржы бөлді.



Бұл жолы да облыстық мәслихат депутаты мұнда аудан әкімі Қалиқан Байғоңусовпен, аудандық мәслихат хатшысы Дүйсен Бралиновпен және аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Қайыржан Сәдуовпен бірге келіп, мектеп ұжымын және ауыл тұрғындарын құттықтап, ол құрқол келген жоқ, мектепке 10 пар сапалы пластик шаңғыларды, арнайы аяқкиімдерін сыйлады.

Жаңа спорт нысанының тұсаукесер салтанатында қонақтар ел Президентінің, облыс және аудан басшыларының ауылдықтардың өмірін жақсартуға үнемі көңіл бөлетіндігін айтып өтті. Шалғай ауылдағы Аршатыда өткен жылы жаңа, темірден жасалған көпірдің, жергілікті мектептің бастауыш сыныптары оқитын бөлігінің, аталмыш спортзалдың пайдалануға берілуі — осының айғағы. Тек үш нысанға ғана мемлекет 1 млрд. теңгеге таяу бюджет қаржысын бөлді.



Дегенмен, Аршаты ауылына бұл қаржы ауыл тұрғындарының белсенділігінің, демографиялық жағдайдың тұрақтылығының арқасында ғана бөлінді: ауыл мектебінде оқушылар саны жеткілікті. Ең бастысы — адамдардың патриоттық сана-сезімінің жоғарлығы, ертеңгі күнге деген сенімділігі. Алдағы уақытта аршатылықтар жасалған қамқорлықтың қайтарымы ретінде белсене еңбек етулері, ал оқушылары — тек сабақты ғана жақсы оқып қоймай, спорттық жеңістерге де ұмтылулары тиіс.

Мектеп директоры Гүлнар Әбенова, жергілікті ардагерлер кеңесінің төрағасы Малғаждар Көбешев және басқалар облыстық мәслихат депутатының, аудан және облыс басшыларының атына ризашылықтарын жеткізді. Мектеп оқушылары қонақтардың назарына концерттік бағдарлама ұсынды.



Жаңа спортзалда жылы әрі жарық, әлі де бояу иісі аңқып тұр. Мұнда жуынатын бөлмелер, киімдігіштер, барлық спорт жабдықтары бар кіші тренажер залы, жаттықтырушылар бөлмесі бар. Бұл маңызды оқиғадан Аршаты ауылының тумалары, мектептің бұрынғы түлектері Марат Шарипов, Шалқар Жатағанов, Талғат Қарабалин және Сайранхан Сәдуов та шет қалған жоқ, олар мектеп спортзалы үшін екі теннис үстелдері мен бильярдты сыйға тартты.

Бұл күні кешкісін алдын-ала жоспарланбаған спорт сайыстары өткізілді. Жаңа спортзалда волейбол ойнауға көрші ауылдық округтердің спортшылары келді. Катонқарағайдан («Алтайэнерго» және «Жастар») екі команда, Жамбыл мен Өрелден бір-бір команда келді. Турнир үшін ақшалай қаржылық қорды аудан әкімі Қ. Байғоңусов пен облыстық мәслихат депутаты Л. Тумашинов құрды. Бірінші орынды Катонқарағайдың «Жастар» командасы, екінші орынды - өрелдіктер, үшінші орынды — жамбылдықтар иеленді.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.

■ Есептік жиын

«ЖАҚСЫ ТҰРАМЫЗ» ДЕСЕ ДЕ...

Солдатово ауылдық округінің құрылымы жағынан ауданымыздағы өзге округтерден айырмашылығы үлкен. Өйткені, ол бір елдімекенмен бір ауылдық округ болып отыр. Бұдан оны басқару жеңіл деген ой тумаса керек. Бүгінде Солдатово ауылында 1023 адам тұрады. Округтің негізгі өндірісі-ауылшаруашылығы. Яғни, мұнда малшаруашылығы мен қатар егін шаруашылығы қатар жүргізіліп, дамытылып отыр. 39 шаруа қожалығы мен бір «Калинин» ЖШС болып бөлініп отырған ауылшаруашылық ұжымдарының және жекеменшік иелерінің иелігінде 1768 бас мүйізді ірі қара, 1126 жылқы, 3594 қой, 550 шошқа бар. Бұл цифрлардың өзі төрт түлік мал басының округте жылдан-жылға жақсы өсіп келе жатқандығын көрсетеді. Сонымен бірге, мұнда мал шаруашылығының негізгі өнімдері - ет пен сүт өндіру көрсеткіштері де біршама арта түскен. М. Сайлаубаев басқарып отырған «Калинин» ЖШС-і малшаруашылығының тұқымын асылдандыру бағытында да мақсатты жұмыстарды қолға ала бастады.

Округ аумағында 33983 гектар жер бар. Оның 2312 гектары ауылшаруашылығы жерлері. Өткен жылы округте 2917,7 гектар жерге астық дақылдары себіліп, одан 6245 тонна дән жиналды. Бүгінде округте ұсақ шаруашылықтарды біріктіріп, ірілендіру бағытында түсінік жұмыстары жүргізіліп отыр. Солдатово округінің жері мен табиғаты омарта шаруашылығын дамытуға қолайлы екендігі назардан тыс қалмаған. Өткен жылы «Пчелка» шаруа қожалығының басшысы Қайрат Жақыпов «Еңбекпен қамту-2020» бағдарламасы бойынша 2 миллион теңге несие алып, 50 ара шелегін сатып алды.

Тұрғындар алдында берген есебінде ауылдық округ әкімі Н.Сивицкая білім беру, денсаулық сақтау, пошта байланысы қызметтерінің жұмыстарын, сыбайлас жемқорлықпен күрес, ауылды абаттандыру бағытында атқарылған жұмыстарды мәдени қамтудағы ұйымдастырып өткізген шараларды, ауылдастары ара-

сында салауатты өмір салтын қалыптастыруда өткізілген спорттық жарыстарды да тілге тиек ете тұра аудан басшыларынан ауылдық клуб үшін жөндеуге қаржылай көмек сұрады.

Осы жиында есеп берген аудан әкімі Қалиқан Байғоңусовтың баяндамасын көпшілік зейін қоя тыңдады. Баяндаманың мазмұнымен тұрғындар аудандық газет арқылы күнібұрын таныс болса да, Қалиқан Байғоңусовтың оның ең маңызды тұстарын қайталады. Себебі, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Жолдауы, мемлекет Басшысының әлемді жайлап келе жатқан жаңа дағдарысқа қарсы тұрудағы еліміздің әрбір азаматына, мемлекеттік қызметкерлерге беріп отырған ақыл-кеңестері, ел басқарып отырған азаматтарға қойып отырған талаптары әр деңгейдегі әкімдердің күнделікті жұмыстарында басшылыққа алынып отырылуы тиіс.

Осы маңызды құжаттардан туындаған облыс басшысы Даниял Ахметовтың талаптарын орындау бағытында ауданда қолға алынып жатқан мақсатты жұмыстар мен шаралар жайлы баяндаған Қалиқан Байғоңусовтың ауыл әкімі Н.Сивицкая мен оның аппаратына нақты тапсырмалар берді. Атап айтқанда, олар - алдағы наурыз айынан бастап жекеменшік мал иелерінен сүт жинауды қамтамасыз ету, келешекте «Калинин» ЖШС-нің жанынан тауарлы-сүт фермасын ашу және Зырян-Катонқарағай автожолының бойына ма, басқа да көрікті, қолайлы жерге ме, туристерге қызмет көрсететін демалыс орындарын салуды ойластыруға да кеңес берді. Қ. Байғоңусов Президент Н. Назарбаевтың: «Мемлекет - сауын сиыр емес» деген сөзін қайталай отырып, мемлекеттің көмегімен өз істерін ашып, одан табыс тауып, отбасын асырап қана қоймай, үлкен кіріс алып, пайда көріп отырған азаматтар, ұжымдар енді өз ауылына көмектесулері керек. Ендеше, клуб үйінің қалған жөндеу жұмыстарын «Калинин» ЖШС-не, шаруа қожалықтарына, өзге де кәсіпкерлерге бірігіп неге шешпеске,-деді. Сөз соңында

аудан әкімі алға ұмтылып тұрған азаматты, кәсіпкерлерді аудан әкімшілігі әрқашанда құшақ жайып қарсы алып, қолдан келген барлық қолдау көмектерін көрсететіндігін білдірді.

Аудан және округ әкімдерінің баяндамаларын талқылауға зейнеткерлер Қ. Өркенбаева, Е. Нұрмұхамбетов т.б. қатысты.

Аудандық полиция бөлімінің учаскелік инспекторы Т. Қапашев та жиында Солдатово ауылдық округінде қоғамдық тәртіптің бұзылуына, қылмыс жасаушылыққа жол берілмегендігі, мұндағы халықтың ұйымшылдығын, ауызбірлігін, жауапкершілігін атап өтті. Және де Т. Қапашев егістік, шабындық жерлерді малдарына таптатқан азаматтарға былдан бастап қолданылатын әкімшілік жазаның күшейтілгендігін ескерті.

«Калинин» ЖШС жетекшісі М. Сайлаубаев сүт фермасын құру жөнінде бұдан екі жыл бұрын жұмыстарын бастап, талаптың көргендіктерін, алайда, «Агроқаржы» жағынан қолдау болмай, көп әуреге түсіп, жүректері шайылып қалғандығын баяндап, келешекте бұл жұмысты ұйымдастыра алатындықтарын айтып өтті. Сонымен бірге, ауыл сыртындағы 200 гектар егістік жерлерді су басып қалу қаупі барын, олай болмас үшін, автомобиль трассасынан төмен қарай канал қазып, бөгет жасау, ауыл жанындағы өзеннің арнасын тереңдетіп, оны сыртқа жайылмайтындай етіп бекіту қажеттігін айтып, аудан басшысынан көмек сұрады. Мұғалім Зоя Оспанғалиева мәдени демалыс орындарының материалдық-техникалық базаларының нашарлығынан жастардың ауылда тұрақтап қалмайтындығын, клуб үйін жөндеп, одан кітапханаға да ыңғайлы орын берілсе деген тілегін айтты.

Сөз сөйлеп, тілек айтушылармен ұсыныс білдірушілерді мұқият тыңдаған аудан әкімі Қ. Байғоңусов ауыл әкіміне бірқатар тапсырмалар бере отырып, айтылған сын-ескертпелерді назарға алатындығын мәлімдеді.

Жәнібек Қызыр.

Сұраныз-жауап береміз**БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ**

22 қаңтар күні «Тікелей желі» арқылы аудандық білім беру бөлімінің басшысы Лаура Жұмақанқызы Тоқсанова тұрғындар сауалдарына жауап берді.

-Ағымдағы жылы Ұлттық Бірыңғай тестілеу өткізу технологиясында өзгерістер бар ма?

Жоқ биылғы жылы өзгерістер жоқ. ҰБТ алдағы жылдардағыдай маусым айының 1 мен 10 аралығында өтетін болады. ҰБТ ға қатысуға өтініштерді қабылдау 1 наурыз бен 25 сәуір аралығында өтеді.

ҰБТ Үлкен Нарын ауылындағы В.И.Ленин атындағы орта мектепте орналасқан Ұлттық Бірыңғай тестілеу орталығының арнайы жабдықталған №133 тестілеу пунктінде өтеді.

Тестілеу 5 пән бойынша өткізіледі: математика, Қазақстан тарихы, қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі), қазақ тілі орыс тілінде оқытатын мектептер үшін, немесе орыс тілі қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін, жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелеріне сәйкес таңдаған мамандықтарға байланысты пәндердің біреуі.

ҰБТ да әр пән бойынша тест тапсырмаларының саны 25, жалпы саны 125 сұрақ. Оларды шешуге 3,5 (210 минут) сағат уақыт беріледі.

Білім гранты тағайындау конкурсына қатысу үшін және студенттер қатарына қосылу үшін кешенді тестілеуден кемінде 50 балл, оның ішінде бейіндік пәннен 7 балдан, ал қалған пәндерден 4 балдан кем болмауы қажет.

-Қорғаныштық немесе қамқоршылық орнату тәртібі?

-Бала асырап алу, қамқоршылық

және патронат — ерекше жауапкершілік пен маңызды шешімді талап ететін отбасылық қарым-қатынастың түрлері.

Асырап алу — бұл баланы отбасыға қандас мүшесі ретінде қабылдау. Яғни, толық құқықтары бар ұлы немесе қызы болады.

Қамқоршылық — 14 жасқа толмаған балалардың және сот арқылы қабілетсіз деп танылған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны.

Қорғаншылық — 14 және 18 жастағы баланың (балалардың), сондай-ақ спирттік ішімдіктер немесе есірткі заттарды шамадан тыс қолдану салдарынан әрекет қабілеттілігі сотпен шектелген көмектеке толған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны. Мұндайда бала өзінің атын және тегін сақтайды. Баланың тек туыстары ғана қамқоршы бола алады. Және олар үкіметтен 18 мың жарымнан астам теңге жәрдемақы алады.

Патронат — жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қамқорлық пен қорғаншылық бойынша қызметтерді жүзеге асыратын орган және баланы (балаларды) тәрбиеге алуға тілек білдірген адамның арасында жасалатын келісімшарт бойынша отбасына патронаттық тәрбиеге беріледі. Яғни, мұндайда Үкімет екеге немесе шешеге, еңбек өтілі мен санатына қарай еңбекақы төлейді. Орташа есеппен 35 мың теңгеден 50 мың теңгеге



дейін. Бұл жұмыс түріне тек ұтаз мамандығын игерген адамдар ғана қабылданады. Алайда, мемлекеттік органдар, ерекшелік ретінде, өтініш берушінің өз балаларын тәрбиелеудегі онды үлгілерін ескеріп те, рұқсат береді. Патронаттық тәрбиедегі баланың ата-аналарынан алимент алуға, ал олар қайтыс болған жағдайда, асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін жәрдемақы және өзге де әлеуметтік төлемдер алуға құқықтары сақталады.

Қамқоршылар немесе қорғаншылар және патронаттық тәрбиешілер қамқорлығындағы балалардың мүлгіне, оларға төленетін алименттерге, жәрдемақыларына және өзге де әлеуметтік төлемдеріне таласа алмайды.

Қаражат тек, балалардың тәрбиесі мен бағып-қағуына ғана жұмсалыуы тиіс. Мысалы, баланың дамуына қажетті компьютер немесе музыкалық аспаптар т.с.с.

Материалды даярлаған:
Жанар Қасымханова.

(Жалғасы. Басы газеттің өткен сандарында.)		2017 жылға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті	
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	130,0	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	91713,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	11227,0	Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	2442,0
Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	11227,0	Басқалар	55585,0
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	9327,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	16729,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	9327,0	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16439,0
Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	9167,0	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	290,0
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	160,0	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	25589,0
Көлік және коммуникация	142391,0	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	25589,0
Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	48236,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	4897,0
Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	48236,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	4897,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	94155,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі	8370,0
		Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8240,0

2015 жылға арналған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі

Атауы	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
II. Шығындар	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру
Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу
Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу
Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу
Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі
Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер
Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	Көлік және коммуникация
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты
Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
Қорғаныс	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету
Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру
Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	Басқалар
Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	Мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	Көлік және коммуникация
Білім беру	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты
Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	Басқалар
Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
Жалпы білім беру	Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	Мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
Балаларға қосымша білім беру	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	Көлік және коммуникация
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	Мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты
Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлеуі	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру
Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві
Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	Борышқа қызмет көрсету
Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	Трансферттер
Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі
Жұмыспен қамту бағдарламасы	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару
Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	III. Таза бюджеттік кредиттеу
Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары
Тұрғын үйге көмек көрсету	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі
Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер
Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	Туристік қызметті реттеу	Бюджеттік кредиттерді өтеу
	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу
	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо
	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	Қаржы активтерін сатып алу
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)
		Қарыздар түсімі
		Мемлекеттік ішкі қарыздар
		Қарыз алу келісім-шарттары
		Қарыздарды өтеу
		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі
		Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу

(Жалғасы газеттің көлесі санында)

ААСК хабарлайды

Катонқарағай аудандық аумақтық сайлау комиссиясының «2015 жылғы Коробиха ауылдық округі әкімінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» № 4 ШЕШІМІ

2015 жылғы 29 қаңтар

Үлкен Нарын ауылы

1. ҚР Конституциясының 87-бабы, 4-тармағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңының 32 және 36 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы №438 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығына сәйкес, Катонқарағай аудандық аумақтық сайлау комиссиясы қаулы етеді:

1. Коробиха ауылдық округі әкімінің кезектен тыс сайлауы 2015 жылғы 03 наурызға тағайындалсын.

2. Катонқарағай ауданының Коробиха ауылдық округі әкімінің сайлауын өткізудің күнтізбелік жоспары бекітілсін.

3. Сайлаудың іс-шараларын өткізу бойынша төмендегі мерзімдер анықталсын:

- Өкімдікке үміткерлерді ұсыну 2015 жылғы 01 ақпанда (сайлау күнінен 30 күн бұрын) басталып, 2015 жылғы 06 ақпанда (сайлау күніне 25 күн қалғанда) аяқталады.

- Үміткерлерді тіркеу 2015 жылғы 07 ақпанда басталып, 2015 жылғы 16 ақпанда (сайлау күніне 15 күн қалғанда) аяқталады.

- Сайлау алдындағы үгітті жүргізу 2015 жылғы 17 ақпанда басталып 2015 жылғы 02 наурызда сағат 00-00 аяқталады.

**Мырзабек Тлеубаев,
ААСК төрағасы.
Тоты Тлеудинова,
ААСК хатшысы.**

Катонқарағай аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы: *Тлеубаев Мырзабек Мұхаметқалұлы, комиссия төрағасы, Толықпаев Марат Нұрбайұлы, комиссия төрағасының орынбасары, Тлеудинова Тоты Әбілғазықызы, комиссия хатшысы. Комиссия мүшелері: Батырқанов Еркінбек Арғынбекұлы, Қауашева Әсем Қамбарханқызы, Нығметов Жанар Пазылұлы, Смағұлова Жаңыл.*

Келісім-шарт бойынша әскери қызметке шақырамыз!

Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі 2015 жылдан бастап, әскери қызметке келісім-шарт негізінде азаматтарды қабылдау жұмыстарын жалғастыруда.

Келісім-шарт негізінде әскери қызметке 19 жастан 35 жасқа дейінгі әскер қатарында болған, Қазақстан Республикасының кез-келген азаматы бара алады. Үміткерлердің денсаулық жағдайы, соттылығы тексеріледі. Бұрын-соңды істі болған, соттылығы бар азаматтар әскери қызметке қабылданбайды.

Келісім-шарт бойынша әскери қызметтің қандай артықшылығы бар?

1. Лайықты жалақы, әскери атағы мен лауазымына қарай 80000-150000 теңгеге дейін, қызмет өткерген жылдарға сай жалақыны көтеру. Зейнетақы қорына жалақының 20%-ын мемлекет есебінен аудару.

2. Тұрғын үймен қамтамасыз ету. Қызметтік тұрғын-үй болмаған жағдайда - пәтерді жалға алуға ақшалай өтемақы төлеу (отбасы мүшелерінің санына және қызмет орнына сай). Мысалы, үш адамнан тұратын отбасына берілетін төлемақы мөлшері Өскемен қаласында 48114 теңге.

3. Әскери қызметкерлер мен отбасы мүшелерін медициналық қамтамасыз ету.

4. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында оқу үшін төленетін соманың 50%-ын өтеу.

5. Әскери қызметшілердің балаларына тұрғылықты мекен-жайда орналасқан балабақшадан кезектен тыс орын беру және басқа жеңілдіктер.

Қазіргі кезде Өскемен қаласы, Жаңа-Ахмирово кентінде орналасқан 27943 әскери бөлімінде, Аягөз қаласы, 10810, 10181 әскери бөлімдерде бос лауазымдар бар. Ниет білдірушілерге қорғаныс істері жөніндегі бөлімге хабарласуларына болады.

Әскери билет алудың мүмкіндігі

Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 16 ақпанда қабылданған «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының жасы жиырма екіге толған, жиырма жетіден аспаған, денсаулығы жарамды немесе шектеулі жарамды, бұрын-соңды әскери қызметте болмаған, әскер қатарына шақырылуы кейінге қалдырылған азаматтар ҚР Қорғаныс Министрілігіне қарасты әскери оқуға бара алады. Әскери-техникалық мектеп Өскемен қаласында орналасқан, оқу мерзімі 40 күн, ақылы, 268 мың 318 теңгені құрайды. Аталған оқу орнын аяқтаған азаматтарға арнайы сертификат беріліп, олар тұрғылықты мекен-жайы бойынша келіп, әскери билет рәсімделеді. Әскери билет азаматтардың мемлекеттік қызметтерге, құқықорғау органдарына қызметке тұруға мүмкіндіктер береді.

Әскери билет алу үшін аталған оқу орнына, сондай-ақ, отбасы бар, яғни, үйленген азаматтар мен жиырма жеті жасқа толып, шектеулі жасы бойынша әскери билет алған әскери міндеттілерде ары қарай келісім-шарт негізінде әскери қызмет атқару мақсатында баруға мүмкіндіктер бар.

**Мейірхат Саябаев,
келісім-шарт бойынша әскери қызметшілерді қабылдау және
әскерге шақыру бөлімшесінің бастығы, капитан.**



Ашық есік күніне шақырамыз!

2015 жылдың 3 ақпанында аудандық Орталық ауруханада обыр сырқатына қарсы Бүкіләлемдік күрес күніне арналған акция аясында **«Ашық есік күні»** өткізіледі. №13 кабинетте дәрігер-онколог кеңестер беріп, лекция оқылады, ақпараттық материалдар таратылады, бейнероликтер көрсетіледі.

Акцияның мақсаты – тұрғындар арасында онкологиялық сырқаттардың алдын-алу және ерте сатыда анықтау мәселелері бойынша хабардар ету, тұрғындарды дер кезінде скринингтік тексерулерден өту қажеттігі туралы ақпараттандыру.

Аудан тұрғындарын акцияға қатысуға шақырамыз!

Аудандық Орталық аурухана әкімшілігі.

15-16 қаңтар күні Үлкен Нарын ауылының «старый центр» аумағында **Нұрғалиев Еренбек пен Нұрғалиева Күлпәннің** атына берілген құжаттар топтамасы бар папка жоғалды. Тауып алғандар болса, қайтарып беруін сұраймыз. Сүйіншісі даяр. **Тел. 2-09-96.**

Еске алулар

Жаңаүлгі ауылының тұрғыны, аяулы жар, асыл ана, ардақты әже, Қазақ КСР-і оқу ісінің үздігі болған **ҚҰСАЙЫНОВА МАРИЯ-НЫ** сағынышпен еске аламыз.

Сағындым апа маңдайдан сипар қолыңды, Тосумен жүрміз келер деп үйге жолыңды. Бір жыл өтті үйге де кейде сыймаймыз, Еш нәрсе сенің толтыра алмас орныңды. Жан апа бұл дүниеге сыймадың ба? Атам мен бізді тастап, қинадың да. Тіл қатпай бақилыққа жөнөп бердің, Жылайды деп біздерді, қимадың да?

Топырағың нұр бейнеңді жасырған,
Басты иіп өтеміз ылғи қасыңнан.
Атамыз да бізден жасырын іздейді,
Жан жолдасын жастайынан қосылған.

Еске алушылар: жұбайы-Қадыр, немерелері-Ботагөз, Дарын, ұлы- Раджан, Назым.



Жұлдыз ауылының тұрғыны болған, аяулы анамыз **АК-МУРЗИНОВА БИСАРА ПАЗЫЛҚЫЗЫН** сағынышпен еске аламыз.

Қатал тағдырға, қасіретті сырқат мен мейірімсіз ажалға дауа бар ма? Ұл-қыздарының қызығын әкемізбен бірге көрер кезінде сұм ажал ортамыздан алып кетті. Анашым, нұрлы бейнең мәңгі жүрегімізде.

Бұл дүниенің алды кең соңы тар-ды, Қарайламай жан анам кете барды. Жанарларда жасырып қала бердік. Қан жылатқан жанымыздың ащы зарын. Тағдырдың дегеніне бағынармыз, Көргенде аналарды сағынармыз. Із-түзсіз бұл өмірден кеткен жоқсыз,

Өзіңнің жалғасың боп табылармыз. Перзенттік махаббатымыз сенбейді, Өліміңе жүрек әлі сенбейді. Бір жыл болды- толықтырдық, қайтейік, Анасы жоқ адамдардың қатарын. Көп еді жақсылығың жоқтау етер, Жатқан жерің мамықтай болсын жайлы. Күн соңынан ай өтер, жылдар өтер, Сарғайтқан сағынышымыз басылмайды. **Сағынышпен еске алушылар: жолдасы, ұл-қыздары, күйеубалалары мен жиендері, туыстары.**

7 ақпанда анамыздың қайтыс болғанына 1 жыл толуына орай, «Нұржау» мейрамханасында сағат 12-де ас беріледі. Осы асқа туған- туысқандарды, ауылдастарымызды, достарымызды, анамыздың көзі көрген таныстарын шақырамыз.

Құттықтаймыз!

Берел орта мектебінің директоры Мұратов Амангелді Мұсаұлын зейнеткерлік жасқа толуымен құттықтаймыз!

Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтай отырып, әріптестеріңіздің ізгі көңілінен шыққан ақ тілектерін жолдаймыз!

Ұжымыңыз Сізді білікті де білеір, тәжірибелі де озық, сыйлы да, беделді маман ретінде құрмет тұтып, сыйлайды. Осы қуанышты сәтте Сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, баянды бақыт тілейміз.

Құтты болсын мерейтой мерекеніз, Еңбекпенен қол жеткізген берекеңіз. Денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақыт, байлық - Сізге арнар біздің ақ тілегіміз! Өмір көшін жүзге жалғай беріңіз, Ақ тілекті біз арнаған көріңіз. Бақ-береке отбасынан үзілмей, Арманның биігіне самғай беріңіз!

Тілек білдіруші: Берел орта мектебінің ұжымы.



Еңбек ауылының тұрғыны, Садық Түкібаев атындағы Еңбек орта мектебінің ұлағатты ұстазы Сахариянов Түгелбай Жүнісбекұлына!

Құрметті Түгелбай аға!

Сізді мерейлі туған күніңізбен құттықтаймыз! Терең біліміңіз бен іскерлігіңіздің арқасында биік асуларды бағындырып, зейнеткерлік жасқа да жетіп отырсыз. Өміріңіз ғұмырлы, бақытыңыз баянды болсын! Балаларыңыз бен немерелеріңіздің ортасында шаттықта ғұмыр кеше беріңіз, - дей тұра мына өлең шумақтарын өзіңізге арнаймыз:

*Құтты болсын зейнеткерлік жасыңыз,
Жақсылық пен қуаныштан тасыңыз!
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Әлі талай асулардан асыңыз!
Деніңіз сау , аман болсын басыңыз!
Тек жоғары домаласын тасыңыз!
Ел-жұртының ортасында аман-сау,
Күліп –ойнап, жүзге келсін жасыңыз!*



Ізгі тілекпен: Садық Түкібаев атындағы Еңбек орта мектебінің ұжымы.

Еңбек ауылының тұрғыны Садық Түкібаев атындағы Еңбек орта мектебінің ұлағатты ұстазы, құдамыз Сахариянов Түгелбай Жүнісбекұлын зейнеткерлік жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге мықты денсаулық тілей отырып, құдағиымыз Дарияхан екеулеріңіз балаларыңыз бен немерелеріңіздің ортасында бақытты да ұзақ өмір сүруіңізге тілектеспіз!

*Құтты болсын , мерейтойың, белесің,
Алла жазса жүзге дағы келерсің.
Сіз біз үшін Алтайдан да биіксіз,
Ақ сәлделі бұлт ораған төбесін.*



Ізгі тілекпен: Құсман-Роза, Өмірбек-Сымбат, Жұлдыз, Едіге.

Хабарландырулар

2009жылдың6ақпанындаКошеневАйханТоктаркановичтің атына берілген №132062 Мұрагерлікке құқық беру туралы куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Директор-редактор Жомарт Жақыпов	Құрылтайшы: ШҚО Қаржы басқармасы. Өкілетті орган: ШҚО Ішкі саясат басқармасы.	Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 25. 06. 2013 жылы № 13707-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» ЖШС-нің компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет “Шығыс - Ақпарат” ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Космос к-сі, 6/3. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина Газет нөмірі бойынша кезекші: Нұрзада Исабаева	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. Индекс: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1875, «Луч»-1290. № 5698 тапсырыс.